

**Менің сүйікті өнертабысым**

Ғасырлар бойы адамзат өмірді жеңілдететін, күнделікті көмегі тиетін түрлі құрылғылар мен әдістерді ойлап тауып келеді. Мысал ретінде тасымалдау көліктерін, ыдыс-аяқ жуатын машинаны немесе қарапайым ұялы телефонды келтіруге болады. Негізінде, олардың барлығын атай берсең, тым көп уақыт жұмсайсың, бірақ дәл қазір мен өзімнің жүрегімде орын тапқан өнертабыс жайлы айта кеткім келеді.

Бала кезімнен бері мен аспанға қарап жатқанды жақсы көретінмін. Күндіз баяу жүзіп бара жатқан бұлттарды, ал түнде жұлдыздарды бақылай отыра, мен оларға кішкене болса да жақындауды, тіпті қол ұшын тигізуді армандайтынмын. Күндердің бір күні мен мультхикаядан бір атаның үлкен шар арқылы биікке көтерілгенін көрдім. Таңданысыма шек болмады. Басымда: «Бұл қалай болуы мүмкін? Ұшақтың ішіндегідей жабық кеңістікте емес, ашық жерде тұрып, аспанға жақын болуға болады ма?» – деген сұрақтар қаптап кетті. Оларға жауап алу үшін мен ата-анама бардым. Сөйтсем, мен көрген құрылғы әуе шары деп аталады екен!

Әуе шары — ауадан жеңіл ұшу құрылғысы, қыздырылған ауаны ұшу үшін пайдаланады.

Қыздырылған ауаның әсерімен аспанға көтерілуді ең бірінші Португалияда тұрған бразилиялық Бартолемео де Гусман ойлапты.

Ол 1709 жылы ұшатын аппараттың үлгісін жасаған – астына шоқ салынған ыдыс ілінген шағын шар. Шар жердің бетінен 4 метрге көтерілген. Әуеде ұшудың пайда болуына ағайынды француздар Жак Этьен мен Жозеф Мишель Монголфьелердің еңбегі сіңді. Ресми деректер бойынша, шар 500 м биіктікке көтеріліп, ауада 10 минут бойы тұрып, 2 шақырымдық қашықтықты ұшып өткен.

Әуе шарының маған ұнауының ең алғашқы себебі – ол адамға шабыт пен жаңа белестерге шығуға ынта сыйлайды. Ол арқылы тек бұлттарды жақыннан тамашалап ғана қоймай, жердің де биіктіктен әдемі кейіпке енетінін білуге болады.

Екіншіден, әуе шарлары адамдарға олардың өмірінде ең жетіспейтін затты бере алады, яғни таңқалу мен ғажайыпты. Бұл құрылғыда ұшқан кезде адам жаны айналадағы ерекше көріністен ләззат алып, жайланады, ал оның психологиялық та, физиологиялық та тұрғыдан пайдасы мол.

Оған қоса, әуе шарларын пайдалана отырып, метеорологтар ауа-райын оңай болжай алады.

Қорытындылай келе, әуе шарын ойлап табып, жасап шығаруға жұмсалған күш зая кеткен жоқ деп үлкен сенімділікпен айтуға болады. Бұл, мен үшін ең сүйікті, өнертабыстың адамдарға алып келетін пайдасы аз емес.